# ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА
## «Қызылорда облысының білім басқармасының «Арал көпсалалы колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша

Арал қаласы 2024 жылғы «31» мамыр

## КІРІСПЕ БӨЛІМІ:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Арал көпсалалы колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының *(әрі қарай – Білім беру ұйымы)* құрылымдық бөлімдерінің қызметі табылады.
2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген *(өзгерістер енгізу туралы)* Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.
3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды «Қызылорда облысының білім басқармасының «Арал көпсалалы колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында келесі құрамдағы жұмыс тобы жүргізді:

| | |
|---|---|
| Әбішов Нұралы Қалиұлы | Колледж директоры – топ жетекшісі |
| Жаймакова Роза Сагындыковна | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – топ мүшесі |
| Айдилдаев Бактыбай Выборович | Директордың тәрбиеісі жөніндегі орынбасары – топ мүшесі |
| Макашев Онгарбек Шакебаевич | Директордың оқу – өндірістік жұмыстары жөніндегі орынбасары – топ мүшесі |
| АбишеваГаухарЖумаханова | Колледж бастауыш кәсіподақ ұйымының мүшесі– топ мүшесі |
| Жарбосынова Мира Ораковна | Бас есепші – топмүшесі |
| Утениязова Гаухар Каеповна | Аға шебер – топ мүшесі |
| Жумагалиева Гульнар Тастыбаевна | Кадр бөлімінің меңгерушісі – топ мүшесі |
| Тойбазарова Мадина Маратовна | Іс жүргізуші – топ мүшесі |

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдаумен 2022-2023 оқу жылының II жарты жылдығы мен 2023 - 2024 оқу жылының I жарты жылдығы және 2024 жылдың қаңтар - сәуір айлары қамтылды.
5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 25.05 - 31.05.2024ж . аралығында жүргізілді.
6. Колледж директоры Н. Әбішов топ жетекшісі ретінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық жасау, үйлестіру және жауапкершілік жүктелді.

## СИПАТТАМА БӨЛІМІ:
### I. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Білім беру ұйымының құрылымдық бөлімдерінің қызметін қозғайтын нормативтік – құқықтық актілерде (Әрі қарай НҚА) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
2) Білім беру ұйымының құрылымдық бөлімдерінің ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

**Талданатын объект туралы мәліметтер:**

Білім беру ұйымы құзіреті шегінде техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламаларын жүзеге асырады.

Білім беру ұйымы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Білім туралы» Заңы және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне, сондай – ақ, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Арал көпсалалы колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Жарғысы мен ішкі тәртіп ережесіне сәйкес іске асырылады.

Білім беру ұйымында 6 құрылымды бөлімше жұмыс жасайды:
- Оқу жұмыстары бөлімі;
- Тәрбие жұмыстары бөлімі;
- Оқу-өндірістік жұмыстары бөлімі;
- Кадр бөлімі;
- Шаруашылық жұмыстары бөлімі;
- Есеп-қисап бөлімі

Мекен – жайы: 120100,Қызылорда облысы,Арал қаласы, Ж. Әбілжанов көшесі №16а

**II. Білім беру ұйымының қызметіне, оны ұйымдастиыру – басқару қызметін реттейтін НҚА мен ішкі құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмыс тобы Кодекстерді, Заңдарды, нормативтік-құқықтық актілерді, бөлімдер өз қызметінде басшылыққа алатын құқықтық актілерді зерделеді.

**Білім беру ұйымы қызметінде келесідей НҚА пайдаланылады:**

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы
2. Қазақстан Республикасының Еңбек туралы Заңы
3. «Оқу - әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру Ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 Бұйрығы
4. «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік білім беретін оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 150 бұйрығы
5. «Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын, сондай-ақ Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы»Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы.
6. «Білім беру қызметінде білім беру ұйымдары пайдаланатын қатаң есептегі құжаттардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 27 мамырдағы № 199 бұйрығы
7. «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 91 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 27 желтоқсандағы № 719 бұйрығы.
8. «Білім және ғылым саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 сәуірдегі № 212 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 қарашадағы № 633 бұйрығы.
9. «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 97 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2013 жылғы 09 шілдедегі № 263 бұйрығы
10. «Білім беру ұйымдарында білім алушылардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендиялар төлеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы № 116 қаулысына өзгерістер енгізу туралы
11. «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 Қаулысы
12. «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы

18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 16 қарашадағы № 660 бұйрығы.
13. «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыружәне оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы.
14. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы
15. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығын таныстыру.
16. «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығы мен қосымшалары
17. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 бұйрығы
18. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы
19. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 77 Қаулысы
20. Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 Бұйрығы.
21. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 Бұйрығы
22. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 107 бұйрығы
23. «Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығы
24. «Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» "Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығы бойынша беріледі.
25. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау» "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығы бойынша қабылданады.
26. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру» "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 бұйрығы бойынша беріледі.
27. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру» "Білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 66 бұйрығы бойынша қабылданады.
28. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру» "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 506 бұйрығы бойынша жүзеге асырылады.
29. «Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №218 бұйрығы бойынша жүзеге асырылады.

30. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 сәуірдегі №82 бұйрығы

31. Қызметкерлерді көтермелеу лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, ерекше мағызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны және жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін, сондай-ақ олардың жұмысын бағалаудың нәтижелері бойынша қолданылады. Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қызметкерлерге сыйлықберу, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемақылар белгілеу ережесін бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127 қаулысы

**НҚА талдау жүргізу нәтижесінде процестерін реттеу бойынша анықталғаны:**

Оқу, оқу-тәрбие, оқу өндірістік, шаруашылық жұмыстары мен кадр, есеп-қисап бөлімінің қызметін іске асыруда НҚА басшылыққа алынған.

**Оқу процесінің ұйымдастырылуы.**

Арал көпсалалы колледжі бойынша оқу процесі Қазақстан Республикасының заңнамасына, колледж Жарғысына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүргізіліп келеді.

2023 -2024 оқу жылында 16 оқу тобында 290 студент жергілікті бюджет бойынша білім алуда.

Барлығы 1-ауысымда оқиды. Сабақ кестесі оқу жылында жасалып, бекітілген.

**Оқу үлгерімі.**

Арал көпсалалы колледжінде 2023 – 2024 оқу жылы бойынша 16 оқу тобының үлгерім қорытындысы бойынша жинақ ведомості алынып, оқу үлгерімі анықталды. Барлық білім алатын 290 студенттің 219 – ы шәкіртақы алады.

2023–2024 оқу жылында факультатив сабақтар факультатив сабақтар кестесі жасалынып, сабақтары жүргізіледі. SmartNation College платформасындағы электрондық журналға емтихан, кеңес беру, факультатив сабақтар барлығы толық, уақытылы оқытушылардың жылдық жүктемесі бойынша жүргізіліп, қатаң бақылауға алынған.

Инклюзивтібілім беру.

Колледжде ерекше қажеттілігі бар студенттермен жүргізілетін жұмыстардың жылдық жоспары жасалған. 2023 – 2024 оқужылында колледж бойынша 27 мүмкіндігі шектееулі білім алушы білім алады. Пән оқытушылары ерекше қажеттілігі бар студенттерге арналған жылдық оқу бағдарламаларын толық әзірлеп, бекітілді. 20 оқушы денсаулығына байланысты қашықтықтан оқытылды. Платформада тапсырмалар жүктеліп, кері байланыс жасалды.

Арал көпсалалы колледжі бойынша аттестаттау комиссиясы НҚА басшылыққа алып жұмыс жасайды.

Колледж бойынша 20 оқукабинеті, 1 спорт зал 4 зертхана, 6шеберхана бар.

2023 – 2024 оқу жылында колледж бойынша бұқаралық спортты дамыту мақсатында төмендегідей спорт үйірмелері құрылып, жұмысжасайды:

Жеңіл атлетика; Волейбол (ер балалар); Волейбол (қыз балалар); Дойбы.

**ҰСЫНЫС:**

Білім алушылардың білім сапасын көтеру;

Спорттық үйірмелердің жұмысын жандандыру, дене тәрбиесі пәні оқытушылары мен БӘД пәні оқытушысының функционалдық міндеттеріне сай қызмет атқаруына талапты күшейту;

**Тәрбие жұмыстарының жүргізілуі.**

Колледждетәрбиежұмысыныңжоспары Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігі «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы 2023 жылдың 19 қыркүйектегі №294 бұйрығын негізге ала отырып, 2023 – 2024 оқу жылынан бастап «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» басшылыққа алынып, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу мақсатында ұлттық мүдде, ар –ұят, талап бағыттары бойынша тәрбие жұмыстары жүргізілуде.Тәрбие шараларын ұйымдастыруда «Студенттік парламент ұйымы», «Жас Ұлан» әскери – патриоттық клубы, «АКК» спорт клубы, «Ұшқыр ой» дебат клубы құрылып, ережелері бекітіліп, жұмыс жоспарлары жасалған. Соымен қатар «Sanaly urpak» - адалдық клубы, «Ай - Ару» қыздар ұйымы және спорттық үйірмелер жұмыс жасайды. Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру мақсатында құрылған «Жастар ісі жөніндегі комитет» өз жұмысын жүйелі түрде атқаруда.Білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы негізінде құрылған «Студент парламентте» 8 фракция жұмыс жасайды. Парламент құрамында 50 студент бар.Білім алушылардың

позитивті, сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыру, өзекті мәселелерді көпшілік алдында талқылау мәдениетін, құрылымдық сұхбатпен пікірталасты жүргізу мәдениетін дамыту мақсатында «Ұшқыр ой» дебаттық клубы жұмыс жасайды.Студенттердің Отанға деген сүйеспеншілігін арттырып, патриоттарды тәрбиелеу мақсатында колледжімізді «Жас сарбаз» клубы тұрақты түрде жұмыс атқаруда. Оқу орнында «Тәрбие орталығы» ғимараты ашылып, Ардагерлер бөлмесі, Жастар комитетінің бөлмесі, Мансап және кәсіби бағдар беру кабинеті және Студенттерге Egov қызмет көрсету орталығы жұмыс жасауда.

Жатақхана. Колледжге ауылдық жерлер мен елді мекендерден келіп оқып жатқан студенттерге 75 орындық жатақхана қызмет жасайды.Студенттер жатақханасында берген өтініштеріне байланысты ауылдық жерлер мен елді мекендерден келген 40 студент орналасқан. Оның 36-і ер бала, 4-і қыз бала. Студенттер жатын бөлмелерге орналастырылды. Бөлмелерге қажетті жиһаздар қойылған. Wi-Fi жүйесі орнатылған.Студенттер жатақханасы жатын бөлмелермен, тамақтанатын асхана, демалыс бөлмесі, дәретхана, жуынатын бөлме, кезекшінің орны мен тәрбиеші, психолог, полиция инспекторының кабинетімен жабдықталған. Ғимараттың ішкі және сыртқы жақтарына бейне бақылау камералары орнатылған. Жылу жүйесі мен ыстық және салқын су тұрақты түрде беріліп тұр.

2023 – 2024 оқу жылы 287 білім алушымен басталып, оқу жылы 290 білім алушымен аяқталула. Оның 205 ер бала, 85 қыз бала.

Колледждің әлеуметтік паспорты: тұл жетім -1, жартылай жетім – 32, көп балалы – 106, өгей ана – 2, өгей әке – 6, мүмкіндігі шектеулі – 27, тұрмысы төмен, аз қамтылған отбасынан – 40 студент.

«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 591 Заңы негізінде балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында колледжде 60бейнекамералар орнатылды. Бейнекамералар арқылы 24 ішкі және 36 сыртқы бақылау жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 77 қаулысына сәйкес білім алушылардың санына қарай колледжде штат бойынша 1 педагог – психолог жұмыс жасайды.

Кітапхана. Жалпыколледжде – 8845 кітапқоры бар. Кітапханадамамандықбойыншаоқулық саны – 3596, жалпыпәндербойыншаоқулық саны – 2032, қосымша әдебиеттер саны – 2067, әдістемелік оқулықтар – 1150. 2023 – 2024 оқу жылда 179 арнаулы пән оқулықтары алынды.

Қызылорда облысының білім басқармасы «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына сәйкес 2023 жылдың 23қараша колледж басшысының №67 бұйрығымен колледжішілік «Қамқоршылық кеңесі» құрылған. Кеңес құрамында 9 адам бар. Кеңестің жұмыс жоспары жасалып, отырыстары хатталған.

2023 -2024 оқу жылындағы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғарғы білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілермен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай – ақ қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен партонаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну» Ережесін басшылыққа ала отырып әлеуметтік тұрмысы төмен 60 білім алушы ыстық тамақпен қамтылған.

**ҰСЫНЫС:**

1. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» басшылыққа алынып, жүйелі жұмыстар атқару^
2. Студенттердің бос уақытын тиімді пайдалануын үйлестіру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру
3. Білім беру ұйымының ата аналар комитеті мен ардагелер және қамқоршылық кеңестерімен бірлесіп жұмыс жасауды жандандыру.
4. «Оқуға құштар колледж» жобасы шеңберінде колледж кітапханасына көркем әдебиеттерді алуға ұсыныс беру.

**Оқу-өндірістік жұмыстардың ұйымдастырылуы мен жүргізілуі.**

**Дуальды оқыту.**Оқу орнының мамандар даярлаудағы негізгі бағыты лицензия бойынша 11 мамандық 26 біліктілік бар.қазіргі таңда 8 мамандық 12 біліктіліктер бойынша 1 курста-123, 2 курста-81, 3 курста- 86, барлығы 290 студент білім алуда.

Арал көпсалалы колледжі бойынша 2023 – 2024 оқу жылындадуальды оқытумен 82білім алушы оқиды, пайызға шаққанда (28,2%) пайызды құрайды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 28 қантардағы № 93 бұйрығының 5 - қосымшасымен Арал ауданы бойынша 26 орташа және шағын кәсіпорындармен екі жақты келісім шарттар жасалды.

Дуальды оқытубойынша 07161600 " Ауыл шаруашылығын механикаландыру ", 07130100 "Электр жабдықтары(түрлері және салалары бойынша)", 07161300 "Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану" мамандықтары бойынша оқып жатқан №17, №23, №25, №29, №30 топтар барлығы 82 (28,2%) студент дуалдық оқыту жүйесі бойынша білім алуда. Білім алушылар дуалды оқыту бойынша ауданымыздағы өндіріс, шаруашылық серіктестіктер мен мекемелерде өндірістік тәжірибеден өтіп, теориялық алған білімдерін тәжірибе жүзінде шыңдайды. "Аралтұз" зауыты, "Арал құрылыс"ЖШС, "Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы"АҚ, мекемесі мен ДК "Бердалиев" , "Қуаныш-К " "Наурыз" "Қази" шаруа қожалықтарымен өндірістік тәжірибеден өту туралы келісім-шартқа отырылған.

**Колледждер бойынша Ұлттық біріңғай деректер қорына тиісті ақпараттарды енгізуді қамтамасыз ету.** Арал көпсалалы колледжі ұлттық білім беру деректер қорына әр сала бойынша, қызметкерлердің, білім алушылардың толықтай мәліметтерін енгізіп отырады. ҰБДҚ колледж директорының бұйрығына сәйкес директор орынбасары мен арнайы маман бекітілген.

**2023 жылы колледждерді мемлекеттік тапсырыс негізінде бітірушілердің тұрақты жұмысқа орналасу көрсеткіші:** Арал көпсалалы колледжін 2022 - 2023 оқу жылында бітірген түлектердің жинақтаушы зейнетақы қорының анықтамасы бойынша олардың 71,.5 - % -ы жұмысқа орналасқан.

**ҰСЫНЫС:**

1. Мақсатты мемлекеттік тиапсыристпен білім алушыларды арттыру.
2. Бітіруші түлектердің мамандығы бойынша жұмысқа орналасуына назар аудару,

**ІІІ. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.**

**Кадр әлеуеті.**

«Арал көпсалалы колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 Қаулысы негізінде 2023 жылдың 1 қыркүйегіне жасалған штаттық кесте бойынша 82 қызметкер жұмыс атқарады. Оның ішінде, әкімшілік қызметкерлер саны - 7, педагогтар саны - 27, өндірістік оқыту шеберлері - 18 техникалық қызметкерлер - 30. 2023 жылдың 1 жарты жылдығында маусымдық от жағушы 4 штаттық бірлігіне бос жұмыс орнына Enbekkz. порталында хабарландыру жарияланып, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 134-бабына сәйкес уақытша 4 адам маусымдық жұмысқа қабылданған.

Арал көпсалалы колледжінде 2023 –2024 оқу жылында 52 педагог жұмыс жасайды. Оның 45 - жоғары білімді, 7 - арнаулы орта білімі, 2 - магистр. Педагог – зерттеуші - 1, педагог – сарапшы - 2, педагог – модератор - 14, жоғары санатты - 2, бірінші санатты - 4 адам.

**Тәртіптік жауапкершілік.**

Тәртіптік шаралар бойынша 2023 – 2024 оқу жылы бойынша 3 қызметкерге тәртіптік шара қолданылды.

Атап айтқанда:

1. 23.02.2024 жылы колледж директорының бұйрығы негізінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б. Айділдаевқа ескерту берілген;.
2. 29.03.2024 жылы колледж директорының бұйрығы негізінде пән мұғалімдері А. Байтөреева мен Р. Ешмұратоваға ескерту берілген.

2022 жылдың қыркүйек – желтоқсан айлары бойынша колледжде сыбайлас жемқорлық санатына жататын заң бұзушылықтар орын алмаған және сыбайлас жемқорлыққа қатысты сотқа жүгіну фактілері болмаған. Кадр мәселелерін реттеу барысында құқықтық мәселелер немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

**Лауазымға іріктеу және тағайындау тәртібі мәселелері.**

«Арал көпсалалы колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында қызметкерлерді іріктеу мен тағайындау болған жоқ.

**Конкурстық іріктеуді ресми түрде өткізу, біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдау.**

Колледжде біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін жұмыс іздеушілерді жұмысқа қабылдау орын алған жоқ.

**Талдау объектісі қызметкерлерінің жалақысы, көтермелеулері туралы ақпараттың жабықтығы.**

Қызметкерлерді еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының Үкіметінің №1193 қаулысы негізінде жүзеге асырылады.
**Тәртіптік жазалар алынбаған жағдайда, жұмыскерлерді көтермелеу.**
Білім беру ұйымында қызметкерлерге көтермелеу сыйлықақысы тағайындалған жоқ.
**Жұмыс нәтижелеріне қарамастан, талдау объектісінің лауазымды адамдарының қалауы бойынша қызметкерлерді көтермелеу.**
Қызметкерлерді атқарған жұмыстарының нәтижесіне сәйкес қалалық, аудандық, облыстық, республикалық алғыс хаттармен марапаттауға ұсынылды.
**IV. Мүдделер қақтығысын реттеу.**
Білім беру ұйымында мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.
**V. Мемлекеттік қызмет көрсету.**
**Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер.**
Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы №39/НҚ бұйрығына сәйкес Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша колледждерде 7 қызмет түрі көрсетіледі.
1. Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру –16
2. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау – жоқ
3. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру -
4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру –40
5. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру - 8
6. Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын бекіту туралы - жоқ
7. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну –60.
Аталған мемлекеттік қызмет түрлері заңдылыққа сәйкес Мемлекеттік корпорация арқылы, E-gov порталы арқылы, тікелей колледждің SmartNation Gollege платформасында жүргізіледі.
2022-2023 оқу жылының I жарты жылдығында мемлекеттік қызмет бойынша есептері берілді.
**VI. Рұқсат беру функцияларына іске қосу.**
Негізінен Білім беру ұйымында тікелей рұқсат беру функциясы қарастырылмаған.
**VII. Бақылау функцияларына іске қосу.**
Білім беру ұйымында бақылау, қадағалау функциялары жүзеге асырылмайды.
**VIII. Бюджет және қаржы қаражатын игеру.**
Материалдық техникалық базаны нығайтуға 2023 жылға алынған заттар саны 110 дана соммасы 11610,3 (он бір миллион алты жүз он мың үш жүз) теңге.
2023 жылға коммуналдық қызметтерге (интернет желісіне) 1322,5 (бір миллион үш жүз жиырма екі мың бес жүз) теңге, жылу маусымына жұмсалған қаржы 1166,2 (бір миллион бір жүз алпыс алты мың екі жүз) теңге, электр энергиясына 2373,4 (екі миллион үш жүз жетпіс үш мың төрт жүз) теңге, ауыз суға 271,7 (екі жүз жетпіс бір мың жеті жүз) теңге қаржы жұмсалды.
2023 жылға Дәрі дәрмектер мен медициналық мақсаттағы өзге де құралдарды сатып алуға жұмсалған қаржы 61,8 (алпыс бір мың сегіз жүз) теңге.
2023 жылдың қаңтар – желтоқсан айлары аралығын қоса алғанда мекеме теңгеріміндегі 2410 – есеп шоты бойынша негізгі қорлардың баланыстық құны 734 818,4 (жеті бес жүз елу сегіз миллион алты жүз отыз сегіз мың тоғыз жүз) теңге.
2023 жылға шәкіртақыға жергілікті бюджеттен қаңтар-маусым айлары аралығында 235 оқушыға және шілде – желтоқсан айлары аралығында 259 оқушыға жұмсалған қаржы 102849,1 (бір жүз екі миллион сегіз жүз қырық тоғыз мың бір жүз) теңге, нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламасы бойынша 20 оқушыға қаңтар-маусым айлары аралығында жұмсалған қаржы 3613,6 (үш миллион алты жүз он үш мың алты жүз) теңге.
2023 жылға жеке тұлғаларға берілетін трансферттер (ыстық тамаққа) жергілікті бюджеттен орташа 125 оқушыға жұмсалған қаржы 8739,1 (сегіз миллион жеті жүз отыз тоғыз мың бір жүз) теңге, жол

ақыға 115 оқушыға жұмсалған қаржы 793,5 (жеті жүз тоқсан үш мың бес жүз) теңге, нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламасы бойынша 20 оқушыға жұмсалған қаржы 1033,3 (бір миллион отыз үш мың үш жүз) теңге.

2023 жылға ***261025045*** бюджеттік бағдарламасы бойынша бөлінген қаржы 78031,0 (жетпіс сегіз миллион отыз бір мың) тенге. ***261025015*** бюджеттік бағдарламасы бойынша бөлінген қаржы 353062,9 (үш жүз елу үш миллион алпыс екі мың тоғыз жүз) тенге. ***261052045*** бағдарламасы бойынша бөлінген қаржы 4043,8 (төрт миллион қырық үш мың сегіз жүз) тенге. ***261025011*** бағдарламасы бойынша бөлінген қаржы 14902,7 (он төрт миллион тоғыз жүз екі мың жеті жүз) тенге. Нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламасы ***261052015*** бағдарламасы бойынша бөлінген қаржы 8087,5 (сегіз миллион сексен жеті мың бес жүз) тенге. Барлығы: 458127,9 (төрт жүз елу сегіз миллион бір жүз жиырма жеті мың тоғыз жүз) тенге,жұмсалған қаржы 458127,9 (төрт жүз елу сегіз миллион бір жүз жиырма жеті мың тоғыз жүз) тенге.

Ақылы оқыту №012, ақылы қызмет №004 кіші бағдарламасы бойынша 2023 жылға есеп шотқа түскен қаржы 3295,9 (үш миллион екі жүз тоқсан бес мың тоғыз жүз) теңге, жұмсалған қаржы 2428,0 (екі миллион төрт жүз жиырма сегіз) теңге. Қалдық қаржы 867,9 (сегіз жүз алпыс жеті мың тоғыз жүз) теңге

**IX. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.**

Білім беру ұйымында ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану жүйесі қарастырылмаған.

**X. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.**

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне байланысты.

**ҰСЫНЫС:**

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауда, келісім – шарт жасасуда НҚА қатаң басшылыққа алу. Жауапты тұлғаларға жұмыс барысында НҚА бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Талдау нәтижесінде Білім беру ұйымының қызметінде қолданылатын НҚА және ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын сәйкестіктерді жою бойынша **ҰСЫНЫМДАР:**

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша:

1.1. Жан басына қаржыландыру жүйесіне байланысты білім алушылардың оқудан шығуына жол бермеу, оқу-тәрбие процесіне тарту;

1.2. Білім беру ұйымы жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

1.3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды насихаттау және алдын алу бойынша жұмыстарды тұрақты негізде жүргізу;

1.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кешенді жоспар тармақтарының іске асырылуы мен уақытылы орындалуына бақылауды күшейту.

**«КЕЛІСІЛДІ»**

**Жұмыс тобы мүшелері:**

| | |
|---|---|
| **Директор, топ жетекшісі** | **Әбішов Н.Қ.** |
| **Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, топ мүшесі** | **Жаймакова Р.С.** |
| **Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, топ мүшесі** | **Айдилдаев Б.В.** |
| **Директордың оқу – өндірістік жұмыстары жөніндегі орынбасары, топ мүшесі** | **Макашев О.Ш.** |
| **Колледж бастауыш кәсіподақ ұйымының мүшесі, топ мүшесі** | **Абишева Г. Ж.** |
| **Бас есепші, топ мүшесі** | **Жарбосынова М.О.** |
| **Аға шебер, топ мүшесі** | **Утениязова Г.К.** |
| **Кадр бөлімінің меңгерушісі, топ мүшесі** | **Жумагалиева Г.Т.** |
| **Іс жүргізуші, топ мүшесі** | **Тойбазарова М. М.** |